# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№65 (9043)

СЕНБІ

7 қыркүйек, 2022 жыл


## Ұлт ұстазы халықаралық деңгейде ұлықталды

Ұлт ұстазы, Алаш ардагері, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы және Тіл мерекесі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті, деп хабарлайды Egemen.kz.




Конференцияға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Қ. Қыдырәлі, ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Ә.Абаев, Қазақстан, Ресей, АҚШ, Түркия, Венгрия, Польша, Түрікменстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстанның, т.б. елдердің ғалымдары қатысып, баяндама жасады.

«Ұлт ұстазы, ұлттық ғылымның негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлына арналған бүгінгі ғылыми конференция ұлы тұлғаның сан салалы шығармашылық мұрасын зерделей келе, тарихи дәуірдің де ғылыми танымын, қоғамдық-мәдени сипатын танытады деп ойлаймын. Біз Ахмет Байтұрсынұлы сияқты аса ірі оқымысты ғалымның мұраларын жөнінде ғылыми тұжырымдар жасау арқылы оның еңбектерінің өзектілігін, яғни бүгінімізбен сабақтастығын да тани түсеміз», деп атап өтті ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Іс-шара аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің «Ахмет Байтұрсынұлы мен Алаш зиялылары туралы жаңа мұрағат деректері» атты таныстырылымы және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Е.Сыдықовтың Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан шыққан «Ахмет Байтұрсынов – учитель нации» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Сонымен қатар мерейтой аясында елордадағы Қаламгерлер аллеясында «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті. Оған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Қыдырәлі, ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Ә.Абаев, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Е.Е.Каналимов және ахметтанушы, алаштанушы ғалымдар қатысты.

Іс-шара А.Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейдегі ұлт ұстазы музейіне бару, «Мектеп және Ахмет Байтұрсынұлы» көрмесін тамашалау, мектеп мұғалімдері іс-тәжірибесімен танысумен жалғасты.



## Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі

**Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің өртті ауыздықтау, елді мекендердегі азаматтарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндамаларын тыңдады, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**

Президент өңірдегі ахуалдың бақылауда екенін айтты. Табиғи апатты жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданған.

Қасым-Жомарт Тоқаев болған жағдайдан тиісті сабақ алу қажет екенін атап өтіп, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына барлық ведомстволық үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Президент үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдарға толыққанды қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті. Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету тапсырылды.

«Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетіне ешқандай күмән болмауға тиіс»,- деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өрттің шығу себебін анықтау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, орман алқабын қайта қалпына келтіру үшін кешенді шаралар әзірлеп, алдағы уақытта осындай апатты жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу керек.

Сондай-ақ Президент Төтенше жағдайлар министрлігін ведомство қызметкерлерінің әлеуметтік, соның ішінде тұрғын үйге және жатақханаға қатысты мәселелерін шешуге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға қабілетті институт ретінде айтарлықтай күшейту қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамымен, сондай-ақ өртті ауыздықтауға тартылған еріктілермен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды жоюға атсалысқан барлық азаматтың жасаған ерлігі үшін алғыс білдіріп, олар наградалар мен сыйлықтарға ұсынылатынын айтты.

Президент материалдық үлес жағдайын жақсарту, тұрғын үймен қамтамасыз ету және кадрлар дайындау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданатынын жеткізді.

## Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері өседі

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 60 000-нан 70 000 теңгеге дейін өсетінін хабарлады, деп жазады Egemen.kz.**

«ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушілер жұмыскерлерге еңбекақыны ЕТЖ-дан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге міндетті. Осының арқасында әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың барлық салаларында жұмыс істейтін жалақысы 70 мың теңгеге дейінгі 1,8 млн-ға жуық жалдамалы жұмыскердің ақшалай кірістері өседі», делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада.



Ведомство ақпаратына сәйкес, бірінші кезекте ЕТЖ көтерілуі «жалақысы төмен» қызметкерлерге қатысты болады. Екіншіден, жалақы деңгейін белгілеу кезінде ЕТЖ көрсеткішін пайдаланатын жұмыс берушілер разрядаралық біліктілік жүйесін ескере отырып, қызметкерлердің басқа санаттарының жалақысын қайта қарайды.

Айта кетсек, Президент Үкіметке ең төменгі жалақыны анықтаудың жаңа әдістемесін енгізуді тапсырған еді. Бұл оның мөлшерін кезең-кезеңімен арттыруға мүмкіндік береді.

Жүктелген тапсырманы орындау мақсатында министрлік мамандары динамикалық тәсілдемеге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін ЕТЖ айқындау әдістемесін әзірлеуге кірісті.

***«Егемен Қазақстан» газетінен.***



# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Республикасының Мелекеттік қызмет істері агентігінің Түркістан облысы бойынша департаментінде мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған қызметкерлердің салтанатты түрде ант беру рәсімі өтті.

Іс–шараға Департамент басшысы Ө.Балажанов, мемлекеттік қызмет ардагері Г.Нұрпейісова және департамент қызметкерлері қатысты.

Ө.Балажанов жас мемлекеттік қызметшілердің ант беруінің маңыздылығын, халықпен мемлекет алдындағы зор жауапкершілігі туралы және мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттеріне адал қарау керектігін атап өтті.



Антты сынақ мерзімінен сәтті өткен Сауран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету секторының бас маманы Е.Ерланұлы, Түркістан облысының Мемлекеттік кірістер департаментінің Тауарлар шығарылғаннан кейінгі кедендік бақылау басқармасының Камералдық кедендік тексерулер бөлімінің жетекші маманы Н.Мұратұлы, Түркістан облысының Мемлекеттік кірістер департаментінің Түсіндіру жұмыс басқармасының бас маманы С.Ғалымжанқызы және Түркістан облысының Мемлекеттік кірістер департаментінің Аудит басқармасы №2 аудит бөлімінің бас маманы А.Балтабайқызы қабылдады.

Олар Қазақстан халқына адал және кәсіби қызмет етуге, сондай-ақ,Конституция мен елдің заңнамасын сақтауға ант берді.

Сонымен бірге, ант беру рәсімінен кейін әділет органдарында 36 жылдан астам қызмет атқарып, мемлекеттік қызметтен зейнетке шыққан Г.Нұрпейісовамен кездесу өтті.

Кездесуде Г.Нұрпейісова өзінің еңбек жолындағы тәжірбиесімен бөлісіп, жас мемлекеттік қызметшілерге қызмет барысында адалдықтан таймау, азаматтармен қарым-қатынаста мемлекеттік қызмет әдебін сақтау және сапалы қызмет көрсете білу керектігін айтты.

***ҚР Мемлекеттік қызмет агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті.***

## *Жолдауға-қолдау*

# Маңызды мәселелер айтылды

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын теледидардан көріп, газеттерден оқып онда айтылған мәселелерден ерекше ой түйдім.

Бес бағдардан тұратын Жолдау еліміз аймақтарында қордаланған көкейтесті мәселелерді таяу уақыттарда шешіп, республика жұртшылығына қолайлы жағдай жасауды қажет етеді.

Жолдауды білім мен денсаулық саласына айырқша көңіл бөлініп отыр. Білімді, дені сау ұрпақ-елдің келешегі.

Еліміздегі саяси өзгерістерді жүйелі іске асыру мен тұрақты даму жолына бағытталған Жолдауға қолдау білдіреміз.

Жолдауда әсіресе балаларға көп жағдай жасалатыны, атап айтқанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімі сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылатыны, сондай-ақ «Ұлттық қор-балаларға атты жаңа бағдарлама қолға алынатыны айтылды. «Ұлттың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді» деді Президент. Бұл-Әділетті мемлекет орнатудың, Ұлттық қордың халық игілігіне жұмсаудың нақты қадамы деп есептеуге болады.

Президент Жолдауында табысты ұлт болудың маңызды шарты білімнің сапасын көтеру екені айтылды. Осы бағытта оқушылардың жақсы білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттың жобасы қолға алынатынын хабарлады. Жоба аясында еліміздегі апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешілетінін атап өтті.

Жолдаудың негізі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономиканың дамуына арналды.

Мемлекет басшымыз айтқандай, «бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!»

***Нұржамал ТӨЛЕУОВА,***
***«Қайрат» балабақшасының меңгерушісі,***
***Созақ ауданының Құрметті азаматы.***



# Қоқыс полигондарына мониторинг жасалды

Созақ аудандық Қоғамдық кеңесінің «Әлеуметтік саланың дамуы, экологиялық ахуал және азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша» комиссияның ұйымдастыруымен «Экология және қоршаған орта сапасы» тақырыбында апталық жоспар бекітілген. Осы жоспар аясында Созақ ауданына қарасты Созақ, Шолаққорған ауылдық округтері және Таукент кентіндегі қоқыс полигондарына зерделеу жұмыстары жасалды.

Жалпы аудан бойынша Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Созақ ауылдық округтерінде және Таукент, Қыземшек кенттерінде қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орындар (полигон) бар. Сызған, Қарақұр, Қаратау, Тасты, Жуантөбе және Шу ауылдық округтеріне қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орындарға жер телімдері алынып, мемлекеттік жер актілері рәсімделіп, жобалау сметалық құжаттары әзірленген.

Созақ ауылындағы қоқыс полигоны 2018 жылы пайдалануға берілген және орналасқан жер көлемі 10 гектарды алып жатыр. Қазіргі таңда “Асыл Ад” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз жауапкершілігіне алып, ауылдың тұрмыстық қалдықтарын жинап, ретке келтіріп отыр.

Таукент кентіндегі 3 гектар жерге орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон «Созақ Сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына сенімгерлік басқаруға беріліп, жұмыстар жүргізілуде.

Шолаққорған ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигонның жарамдылық мерзімі бітіп, қазіргі таңда «Созақ-сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын тарапынан жер теліміне жерге орналастыру жобалары әзірленіп, ауыл шаруашылығы өндірісіне келтірілетін зиян шығындарын алуға құжаттар тапсырылған. Алдағы уақытта өз шешімін табады.

Сонымен қатар комиссия мүшелері Созақ ауылында орналасқан қайта өңдеуге жататын тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап жинаумен айналысатын жеке кәсіпкер Азимбаева Салия Рысханқызының жұмысымен танысты. 2019 жылы негізін қалап, қазіргі таңда экологияны тазарту бағытында тиімді жобаны қолға алған кәсіпкер, жиналған қатты қалдықтарды айына бір рет Шымкент қаласына алып барып өткізетіндігін және жылына 90-100 тоннаға жуық қайта өңдеуге жататын тұрмыстық қатты қалдықтар жиналатынын айтып өтті. Алдағы уақытта пластмасса қалдықтарын ұсақтап тұрайтын аппарат алуды жоспарлап, қайтарымсыз грантқа жоба ұсынғанын тілге тиек етті. Өз қарамағында 4 адамды жұмыспен қамтып, қоршаған орта мен қоғамға пайдасын тигізіп отырған кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілейміз.

***Біржан САРЖАНОВ,***
***Созақ аудандық Қоғамдық кеңесінің «Әлеуметтік саланың дамуы, экологиялық ахуал және азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша» комиссияның мүшесі.***

# Медиатор институтын жандандыру

Созақ аудандық соты, аудан әкімдігі және «Дана» құқық және медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің арасында қоғамдық қарым-қатынастардың тұрақтылығын сақтау, қоғамда орын алатын даукестің деңгейін төмендету, медиатор инситутын жандандырып, даулардың алдын алу туралы өзара ынтымақтастық келісімге қол қойып, дөңгелек үстел өткізді.



Дөңгелек үстелге аудандық соттың төрағасы Ақылбек Дәуренбеков, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ауыл, кент округ әкімдері мен ауылдың беделді азаматтары мен медиаторлары қатысты.

Дөңгелек стол барысында аудандық соттың төрағасы Ақылбек Дәуренбеков, жиынға қатысушыларға дауларды соттан тыс шешудің артықшылықтарын айтып жеткізді.

-Бүгінгі келісім дауларды баламалы тәсілдермен шешу мәселелері бойынша құқықтық мәдениет деңгейін көтеру мақсатында қол қойылды. Соттарда жүргізіліп жатқан медиация институтын жетілдіру арқылы татуластыру рәсімдерінің мүмкіндігі зор,- деді.

Сонымен қатар жиында «Дана» құқық және медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Дана Кенжеқұлова өз баяндамасын жасап, орталықтан дәріс алған медиаторларға тиісті куәліктерді табыстады.

Келісім дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу институттарының кеңейтуге, сот ісін жүргізуде ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға бағытталған. Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған тараптар, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін қосымша жағдай жасау мақсатында барлық басталған істерді сүйемелдеуге әзірлігін жеткізді. Жиын соңында қатысушылар пікір алмасып өз ойларымен бөлісті.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

**Адам өзінің атынан немесе отбасының атынан атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуі үшін тұрғылықты жері бойынша-халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ауылды жерлерде кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне белгіленген үлгідегі өтінішпен және сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінеді. Осы орайда, осы мәселеге қатысты сұрақтарға нақты жауап алу үшін Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлім басшының міндетін атқарушы Марал Ерназаровамен арнайы сұхбат жүргіздік.**

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ ӨТІНІШ БЕРУ



***-Атаулы әлеуметтік көмек кімге беріледі?***

-Атаулы әлеуметтік көмек әрбір отбасы мүшесінің табысы ең төменгі күн көріс деңгейінің 70 пайызы “кедейлік шегі” деп аталады. Кедейлік шегі 2022 жылы ІІІ тоқсанда 28470,4 теңгені құрады. Отбасының орташа табысын есептеу кезінде мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы есепке алынбайды.

***-Атаулы әлеуметтік көмек көлемі қандай болады?***

-Оның мөлшері кедейлік шегі мен отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы арасындағы айырмашылықты құрайды. Яғни 28470,4 (кедейлік шегі) теңгеден отбасының бір адамға шаққандағы орташа табысын шегеру қажет. Егер отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, онда бұл шаңырақтың балалары үшін еңбек министрлігінен (егер балалар 1-6 жас аралығында болса) немесе білім министрлігінен (6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін) көмек беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыдағы 1-6 жас аралығындағы балаларға ай сайын азық-түлік және гигиеналық заттар жинағы беріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыдағы 6-18 жас аралығындағы балаларға азық-түлік және тұрмыстық химия жинақтары берілмейді. Бірақ білім және ғылым министрлігінің басқармалары мен бөлімдері оларды мектепке қажетті барлық жабдықпен қамтамасыз етеді. Біріншіден, бұл балалар мектепте күнделікті тегін тамақтануға құқылы болса, екіншіден, олардың қоғамдық көлікте жүру құнының 50 пайызы өтеледі. Сонымен қатар балаларға мектеп формасы және мектепке қажетті құралдар беріледі.

***-Атаулы әлеуметтік көмек көлемі қашан төленеді?***

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы №320 бұйрығының 3-тарау, 35 тармағында «Атаулы әлеуметтік көмекті төлеу ай сайын атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылданған айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай жүзеге асырылады».

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №30 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №27/НҚ бірлескен бұйрықтарына сәйкес, биылғы жылы ақпан айынан бастап атаулы әлеуметтік көмек «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы төленуде.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 2022 жылға жоспар 1057 отбасының 5600 адамына 437813,0 мың теңге қаралды. (РБ 353795,0 мың теңге, ЖБ 84018,0 мың теңге.)

Биылғы 1 тамызға 798 отбасы 4294 адамға 184120,6 мың теңге тағайындалып, 163448,3 мың теңгесі төленді.

2022 жылға 1 жастан 6 жасқа дейінгі 3045 баланы кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз етуге жалпы 139720,0 мың теңге қаралған. (Оның ішінде РБ-109720,0 мың теңге, ЖБ 30000,0 мың теңге.)

2022 жылдың 1 тамызына 798 отбасының 1056 баласына кепілдендірілген топтама берілді.

Сұхбатта нақты бағдарламаға сәйкес берілетін атаулы әлеуметтік көмекті кімдер ала алады, және мөлшері, төлену процессі айтылды. Дегенде атаулы әлеуметтік көмек алу үшін өтінім білдіргендер өздері құжаттарының дұрыстығына, сәйкестігіне, мерзімінің нақтылығына өте мұқият болғаны абзал. Өтініштерді де дер кезінде, уақытынан қалмай тапсырып тұрғандары абзал.

***Сұхбатты жүргізген: Нұржамал МАЙУСОВА.***

# Іскер әйел: жаңа мүмкіндіктер-2022



Созақ ауданында «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Іскер әйел: жаңа мүмкіндіктер-2022» тақырыбында облыстық форум өтті. Форумға республика, облыс деңгейінде арнайы спикерлер шақырылды.

Форумға келген қонақтар «Мыңжылқы» мәдениет сарайының екінші қабатында орналасқан фоэде аудандағы бірлестіктің белсенді мүшелерінің фото көрмесімен танысып және Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, қылқалам шебері «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі Ақмарал Байғараеваның жеке сурет галлереясын тамашалады.



«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демекші, бүгінгі әйел-билік басында ер адамдармен иық тірестіріп, жұмыс жасап, отбасымен қызмет бабын бірге қатар алып, еліміздің өсіп өркендеуіне сүбелі үлестерін қосып келеді. Сонымен форумның шымылдығын айтулы бірлестіктің белсенді мүшелерінің іс-шаралары мен атқарған жұмыстары бойынша жасалған арнайы бейнеролик ашты.

Бірлестіктің жұмысына оң баға бере отырып, форумның жұмысына сәттілік тілеген аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов, бірлестіктің бірқатар белсенді мүшелерін аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Байғараев құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар белсенді мүшелерді Алғыс хаттармен марапаттады. Сондай-ақ, бірлестіктің бірқатар белсенді мүшелері «АМАНАТ» партиясының, облыстық «Атамекен» ҰКП директорының, облыстық іскер әйелдер кеңесі төрайымының Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, бірлестік мүшелерінің атынан он екі ауыл округінің он екі жас көпбалалы, үлгілі отбасыларына қаржылай сый-сияпат тапсырды. Марапаттау рәсімі барысында қоғамдық бірлестігінің ең үздік үш мүшесіне арнайы номинациялар табысталды. «Жыл үздігі» номинациясы бойынша іскер әйел Бибімариям Тұрмаханова, «Үздік іскер әйел» номинациясы бойынша Рабиға Отыншиева, «Мейірімді жүрек» номинациясы бойынша Күләйм Дүйсенбекова марапатталды. Номинация иегерлеріне арнайы үлгідегі лентала тағылып, сый-сияпаттар тапсырылды. Форумға жиналған қыз-келіншектермен асыл аналарға арнап «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әндер жолдады.



Форумның модераторы «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Н.Майусова форумға қатысушыларды арнайы шақырылған спикерлермен таныстырып, форум жұмысы басталды. Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, облыстық іскер әйелдер ассоциациясының төрайымы, іскер әйел Инара Намазбаева «Іскер әйелдің қоғамдағы рөлі», Рухани жаңғыру, ғылыми тәжірибелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әдемі Толысбаева «Гендер және даму», Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Асыл-LTD» ТОО директоры Динара Егамбердиева «Іскер әйел-саяси көшбасшы», Республикаға танымал журналист Анар Сулеева «Іскер әйел қоғамның да, отбасының да ұйытқысы» тақырыптарында озық ойларын, ашық пікірлерін, ұтымды ұсыныстарын, тұщымды түйіндерін ортаға салды. Аудандағы әйелдерге қатысты. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» бойынша бірлестік мүшесі, полиция майоры Айжан Манапова және «Іскер әйел және жұмыспен қамту» тақырыбында «Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марал Ерназарова хабарлама жасады. Бұл жерде айта кету керек отбасылық зорлық зомбылық көріп жүрген қыз келіншектерге «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері, материалдық, моральдық көмек қолдарын беріп тұрады. Сонымен қатар, жұмыссыз үй шаруасындағы бірқатар келіншектерге атаулы бірлестіктің белсенді мүшелері өз кәсібін ашуға және еңбекпен қамтылуына ықпал жасап келген.

Атырау қаласынан келген «Күндерек» республикалық ақпараттық орталығының құрылтайшысы, іскер, кәсіпкер әйел Жібек Әшірхантегі, Республикалық «Аналар» журналының бас редакторы Ажар Момбек, «Ақ орда» жекеменшік білім ұясының негізін қалаушы, Түркістан облыстық іскер әйелдер ассоциациясының белді мүшесі Рысбекова Шынар ханым форумға қатысушыларға ақ жарма тілектерін білдіріп, ой пікірлерін ортаға салды. Ауданымыздың Құрметті азаматы, бірлестіктің белсенді мүшесі Нұржамал Төлеуова, аудандық мәслихаттың депутаты, бірлестіктің белсенді мүшесі Қарлығаш Жамиева форум қонақтарына, спикерлерге алғыс білдіріп, ұтымды ұсыныстарын ортаға салып, оймақтай ойларын алға тартты.

Ауданымыздағы мықты сән салондарының иелері, бірлестік мүшелері шеберлік сағаттарын көрсетіп, көпшілік көрерменнің көңілдеріне көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Үш сағатқа жалғасқан форум өз жұмысын сәтті аяқтап, соңы іскер ханымдардың фотосессиясына ұласты.

***Нұржамал МАЙУСОВА, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы.***

# Шәкәрім қажының дін туралы ой толғамдары



Қазақ даласы қай заманда болмасын ақын, жыршы, жырау, абыз ақсақал мен көреген қариядан кенде болмапты. VII ғасырда ислам діні Орта Азияға келген болса одан алдын билік құрған түркі қағандары өз алдына бір төбе. Дін исламның Орта Азияға келуімен ислам діні жаңаша кейіпке еніп түрленді. Сол себепті болар ислам ғалымдары арасында Құран Меккеде түсті, Стамбулда басылды, Мауереннахрда түсіндірілді деген сөз қалғаны.

Дін деген терминнің анықтамасы өте көп. Бірақ дін сөзінің анықтамасын бір сөзбен айтқанда Құдайға деген сенім. Дегенмен қазіргі күнде дін десе болды отыра қалып уағыз тыңдау мен бес уақыт намаз оқып одан арысы ораза ұстап Меккеге қажылыққа барып қайтса болды одан мықты, одан иманды мұсылман жоқ секілді сезінетіндей болып жүргендер бар. Осыларды жасап шықса болды Құдай жұмағын дайындап қойғандай болып тұрады. Бұл айтылғандардың барлығы діннің сыртқы формасы. Яғни қандай да бір адамның сыртына қарап мұсылман екендігін танытады.

Ал діннің ішкі көрінісі адамның моральдық, рухани бай болуын айтамыз. Қазіргі күнде адамдардың бойынан тек сыртқы көріністері ғана көрініп ішкі мазмұн қалып бара жатқандай. Намаз оқиды бірақ, адамдарды алдауда алдына жан салмайды, ораза ұстайды бірақ ұрлық жасайды, қажы болады бірақ аярлықпен, қулықпен халықтың ақшасын тартып алуда. Бұл дегеніміз қасиетті ислам дінінің атына кір келтіру. Сонда қайтпек керек? Әрбір адамның бойында – мейірімділік, арлылық, адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, мәрттік, жомарттық, ұят, отансүйгіштік, жауапкершілік, адамдарға деген бауырмалдық, ата-анаға деген құрмет, үлкен мен кішіні бірдей сыйлау секілді адамгершілік қасиеттер бойымыздан табылса онда біздің иманды болғанымыз деп дін сөзін түйіндеуге болады. Өйткені мұның барлығы діннің талабы. Сол үшінде Абай Хәкім:

*Алла деген сөз жеңіл,*
*Аллаға ауыз қол емес.*
*Ынталы жүрек шын, көңіл*
*Өзгесі хаққа жол емес,*

деп бір ғана ауыз сөзбен жеткізгені. Ал бүгінгі мақалаға арқау болған Шәкәрім қажы болса:

*Хақ мұсылман кім болар,*
*Айтқан сөзі шын болар.*
*Рахым, ұят, ар, ынсап,*
*Төртеуі болса дін болар,*

деп мұсылманның сипатын түсіндірді. Ел аузында «Хақтың разылығы халықтың ішінде» деген даналық сөз бар. Қандай да бір адамның дініне, тіліне, түр сипатына қарамастан қол ұшын созып, көмек беруде діннің негізгі талабы десек болады. Ал Шәкәрім қажы:

*Адамдық борышың,*
*Халқыңа еңбек қыл.*
*Ақ жолдан айнымай,*
*Ар сақта оны біл,.....*
*Қайтадан қайырылып, қауымға келмейсің.*
*Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің,*
*Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң.*
*Шын бақыт осыны ұқ,*
*Мәңгілік өлмейсің,*-дегені жоғарыдағы ойымызды нықтағандай. Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с) бастап дамыған «кәміл адам» түсінігін уақыт өте келе әрбір көкірек көзі ашылған ғұлама түрлендіре келе негізгі ойдан ауытқымай өз халінше дамытты. Мәселен Жүсіп Баласағұн жәуан мәрттілік, құт ілімі десе, Иасауише хал ілімі, Абай жүрек ілімі деген. Ал Шәкәрім қажы «ар ілімі» деп атады.

Ар ілімі–тек қана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзаттың тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Адамзатқа ортақ бір-бірін қор қылмауға, адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүруге үндейді. Әрбір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырады. Шәкәрім қажы–ұят мәселесін бірінші орынға қояды. Егер адам адамшылығын жоғалтса, оның өлгенімен бірдей. Барлық жазадан ар-ұят жазасы ауыр. Біреуді алдап өтірік айтуға болғанмен, адам өз-өзін алдап, өз ұжданының алдында орынсыз іске аяқ баса алмайды. Сол себепті қажының өлең жолдарының көп жерінде «ар-ұят, рахым, ынсап» сөздері кездеседі және имандылықтың өлшемі ретінде осы қасиеттерді қарастырған. Қорыта келгенде «Ар» адамның өз соты. Өзін-өзі жауапқа алып, таразыға тартқаны. Ынсапты, рахымды болу рухани тұрғыда жетілген мұсылманның сипаты. Ал ондай адам көңілі тоқ, мерейі үстем болмақ. Рухани жетілгісі келген адам Шәкәрім қажыны оқу және түсіну арқылы мақсатына жетпек.

*Өмірдің өкінбейтін бар айласы,*
*Ол айла қиянатсыз ой тазасы,*
*Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,*
*Таза жүрек, тату дос сол шарасы*, - дейді.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.**




# Созақ руханиятының соны әрі соңғы жаңалықтары

Оқырмандарымыздың есінде болса, ауданымыздың рухани әлемінде, яғни, діни бағытында қандай жұмыстар жасалып, жаңалықтар болып жатқаны жөнінде мақалалар топтамасын беріп бастаған болатынбыз. Міне, осы ретте таяу арада ауданымыздың орталық мешітінде, ауылдық мешіттерде немесе жалпы ҚМДБ- на қатысты болып жатқан соны әрі соңғы жаңалықтар легінде жергілікті БАҚ- тар мен әлеуметтік желілердегі парақшаларымызда егжей-тегжейлі етіп беруді жөн көрдік. Сонымен, осы үстіміздегі тамыз айында ауданымызда мынадай діни бағыттағы сауапты істер орын алған еді. Сондай соны жаңалықтарымен бөлісуін сұрап, ауданымыздың бас имамы Мейрамбек Әбдіқұловқа қолқа салған болатынбыз. Бас имамның жауабы мынау болды:

«Әуелі, ҚМДБ наиб мүфтиі Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы Созақ ауданы, Құмкент ауылына іссапармен келді. Іссапар барысында былтырғы жылы жол- көлік апаты салдарынан орны толмас қазаға душар болған Алтынбековтер отбасында болды. Бір шаңырақтан 5 адам қайтыс болған. Марқұмдарға құран бағыштап, отбасына көңіл айтты. Сондай-ақ, қайырымдылық ретінде қаржылай көмек көрсетіп, ағайын-туыстарына сабырлылық тіледі».

Шолаққорған орталық мешітінің бас имамы Мейрамбек Ордабайұлының сөзін тірілтіп, айтқым келгені шынында «Тас түскен жеріне ауыр» деп, құмкенттік Алтынбековтер әулеті үшін орны толмас қаза болды. Бұл қайғылы оқиғаға байланысты бүкіл аудан жұртшылығы қайғырып, қаралы отбасының қазасына ортақтасып, көңіл айтып жатты. Бабаларымыздың «Қайғыны бөліссең азаяды, қуанышты бөліссең көбейеді» деген қанатты сөзіне орай, расында, аудан халқының, басшысы Мұхит Сексенбайұлының арнайы барып бұл отбасының қайғысын бөлісуі кәдімгідей шоктан шығуларына, тағдырдың ауыр соққысынан соң серпілулеріне сеп болған еді. Енді міне, сонау елорданың төрінен ҚМДБ-ның өкілдерінің ауданымызға келіп, Алтынбековтер әулетіне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтулары. Құран оқып, дұға қылулары және қаржылай қолдау білдірулері ауыз толтырып айтарлықтай сауапты іс болды. Ол үшін әрине ҚМДБ- ның бас Мүфтиі мен әртүрлі деңгейдегі қызметкерлеріне және жалпы қазақстандық мұсылман жамағатына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Олай дейтінім, бұл отбасында қаза болғандардың бірі менің балдызым еді. Қазір бажам шеттей бала- шағасымен жалғыз қалды. Әрине, «орнында бар оңалар» деп кейде өзімізді, жақындарымызды жұбатып жатамыз ғой. Бұл әншейін айтқанға, жұбатқанға жеңіл. Отыз жыл отасқан жарынан орта жолда айырылғанның қандай қиын екені балдызым Маржанның (Алла рахметіне алсын!) жолдасы Жақсыбекке ғана аян. Дүниеге әкеп,



бағып-қағып, оқытып- шоқытып, енді қызығын көремін бе дегенде артына қалдырып кеткен, екі көздері жәутеңдеп, анасы үйден шыққан жерде қап кеткен перзенттеріне ғана аян- баян. Сол үшін де ҚМДБ-ның қызметкерлеріне аудандық газеттің бетінде аудан халқының атынан рахметімізді айтып, Алла жолындағы абзал амалдарына береке тілейміз! Мүмкін болса, әйел-аналар өліп, еркектер жалғыз, балалар жетім қалмасын! Бабаларымыз айтпақшы: әркімді иесімен қинасын!

«Соны әрі соңғы рухани жаңалықтың тағы бірі Созақ ауданы Шолаққорған ауылы "Шолаққорған" орталық мешітінің ұйымдастыруымен жалғызбасты БибіАйша апамызға үй берілді. Құны 5 млн 800мың теңге тұратын үйдің кілтін табыстап, апамыздың қуанышымен бөлісіп қайттық. ҚМДБ- ның бір бағыты қайырымдылық. Қайырымды жандар көп болсын. Барша ат салысқан, ниеттес болған ауылдастарға мың алғыс»- деп сөзін аяқтады бас имамымыз! Егер хабарларыңыз болса, бұл игі шараның басталғанына да бір жылдай уақыт болды. Әрине, қаржы дағдарысы қоғам боп қайырымдылық жасаумызға өз салқынын тигізді. Алайда, көршісі аш отырғанда, тоқ отыруды ар санайтын аталардың ұрпағы емеспіз бе, көп түкіріп көл болды. Жұрт боп жинаған қаржымыз- жағдайы төмен отбасына үй болды. Әрине, билік тарапынан да аракідік осындай отбасыларға баспана беріліп жүр ғой. Дегенмен, соңғы кездері бұқара халықтың арасында «өз қотырын өзі қасу»ісі жиілей түсті. Осыдан ұғуға болады, жақынын дауға берсе де жауға бермейтін бұқара халық биліктің жоғарғы эшолонына өкпелі болса да, сабыр сақтап, қайсыбір қоғамда қордаланған әлеуметтік мәселелерді әлеумет болып шешіп жүр. Кейде қарап отырам дағы: «Билікке сенсек, әлі де бірнеше он жылдық ескі Қазақстанның елесінен арыла алмайтын сияқтымыз. Не де болса, жалпақ жұрт күткен Жаңа Қазақстанды айналып келгенде сол бұқара халық жамағат боп, жергілікті билік те қоғамның үніне құлақ асып, бірлікте құрамыз- ау! Тек, Мәшһүр Жүсіп айтқан: «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын» сол күнді баршамызға басымыз аман, бауырымыз бүтін көруді нәсіп етсін дейік!

**Данияр ҚҰЛ-АХМЕДҰЛЫ.**

# Созақ аудандық мәслихаты учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарынан шығып қалғандардың орындарына мүшелермен толықтырулар енгізілетіндігі туралы ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10 – бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты отыз тоғыз (39) учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарынан шығып қалғандардың орындарына мүшелермен толықтырулар енгізілетіндігі туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамы сайлау учаскесіндегі сайлаушы санына байланысты құрылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 2024 жылдың 10 қаңтарына дейін.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Егер саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарына сәйкес сайлау комиссиясын сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері **2022 жылдың 7 қыркүйегінен бастап 2022 жылдың 21 қыркүйегіне дейін** Созақ аудандық мәслихатына мынадай құжаттарды тапсырады:

электрондық және қағаз форматта- белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясына ұсынылған кандидатуралар туралы мәліметтерді;

тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі;

саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгені туралы құжатының көшірмесі;

кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Өтініштің нысаны Созақ аудандық мәслихатының ресми сайтына орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған кандидат сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті сайлау комиссиясы құрамын құратын мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруы тиіс.

Сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымы қызметкерлері болмауы тиіс, тек сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабы 3 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар (аға-қарындастар), ата-анасы бір және толық емес тума аға-інілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған қағаз форматтағы барлық құжаттарға қол қойылған, мөрмен расталған болуы және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмері көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Барлық сайлау комиссияларының құрамы жөніндегі ұсыныстар **2022 жылдың 21 қыркүйегіне** дейін дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін қабылданады, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін.

**Созақ аудандық мәслихаты**

Байғараев Бегімбет Биімбетұлы - Созақ аудандық мәслихатының хатшысы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16 үй.

Жауапты - Уалиев Бағдат Болатбекұлы, кабинет №416 қалааралық телефон коды (872546), қызметтік тел. 4-20-26, ұялы тел. 8-702-551-88-20, факс 4-33-11 электрондық почта maslihat_sozak@mail.ru

## Созақ аудандық мәслихаты төмендегі отыз тоғыз учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды

**Учаскелік сайлау комиссиясы - 39**

| қ/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері | Комиссия мүшелерінің саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 687 | Шолаққорған ауылдық округі, Абай елді мекені, Абай көшесі, №14А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 2 |
| 2 | 688 | Шолаққорған ауылдық округі, Балдысу елді мекені, Балдысу көшесі, №56 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 4 |
| 3 | 689 | Шолаққорған ауылдық округі, Қарабұлақ елді мекені, Қарабұлақ көшесі, №21А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қарабұлақ шағын жинақты бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 4 | 690 | Шолаққорған ауылдық округі, Жеткеншек елді мекені, №8 ғимараты, Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының “Жеткеншек” бастауыш мектебінің ескі ғимараты. | 3 |
| 5 | 691 | Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы 2 көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 6 |
| 6 | 692 | Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі, №59 ғимараты, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Созақ аудандық№1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 4 |
| 7 | 693 | Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Абылай хан көшесі, №3 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 5 |
| 8 | 694 | Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 ғимараты, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Мыңжылқы” мәдениет сарайы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. | 2 |
| 9 | 695 | Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені, С.Сейфуллин көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 3 |
| 10 | 696 | Жартытөбе ауылдық округі, Аққолтық елді мекені, Қ.Арқабаев көшесі, №27А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 11 | 697 | Жартытөбе ауылдық округі, Бабата елді мекені, А.Сайлаубекұлы көшесі, №5/4 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 12 | 698 | Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, К.Берденұлы көшесі, нөмірсіз ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Сәтпаев атындағы мектеп гимназиясы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 13 | 699 | Құмкент ауылдық округі, Қызылкөл елді мекені, Ш.Уалиханов көшесі, №18 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 14 | 700 | Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, Жылыбұлақ көшесі, нөмірсіз ғимараты, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының “Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 15 | 701 | Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені, Т.Момбеков көшесі, №21 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 16 | 702 | Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Мектеп көшесі, №9А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 17 | 703 | Сызған ауылдық округі, Қайнар елді мекені, Ж.Әділбеков көшесіё №29 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Макаренко атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 18 | 704 | Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, С.Матенбаев көшесі, №31А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 19 | 705 | Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, Қ.Тоқмұхамедов көшесі, №3А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Науайы атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 20 | 706 | Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекені, Суындық көшесі, №130 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Суындық жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 21 | 707 | Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекені, Ынтымақ көшесі, №42 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 22 | 708 | Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, М.Әуезов көшесі, №39А ғимараты, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының “№1 колледж” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын. | 1 |
| 23 | 709 | Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекені, Үсенбай көшесі, №27 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Қарақұр жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 24 | 710 | Қарақұр ауылдық округі, Раң елді мекені, Раң көшесі, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Б.Батырбекова атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
| 25 | 711 | Қарақұр ауылдық округі, Шаға елді мекені, №20Б ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 26 | 712 | Қаратау ауылдық округі, Бақырлы елді мекені, Жиенбет батыр көшесі, нөмірсіз ғимараты, ауылдық мәдениет үйі. | 3 |
| 27 | 713 | Қаратау ауылдық округі, Ақсүмбе елді мекені, Ақбикеш көшесі, №2А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 2 |
| 28 | 714 | Қаратау ауылдық округі, Саржаз елді мекені, 1 көшесі, №41 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Саржаз атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 3 |
| 29 | 715 | Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Б.Достайұлы көшесі, №35 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 4 |
| 30 | 716 | Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Ә.Жақсыбаев көшесі, №31 ғимараты, ауылдық клуб. | 1 |
| 31 | 717 | Тасты ауылдық округі, Тасты елді мекені, Қазақстан көшесі, №14 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің “Абай атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | 1 |
